

## Экономикалық дағдарыс жағдайында әлеуметтік және саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету туралы меморандум

Астана қаласы

2009 жылғы 6 сәуір

Қазақстан ғаламдық экономикалық дағдарыстың жағымсыз әсерін айтарлықтай сезінген көптеген елдердің бірі. Қазақстандық тәуелсіздіктің қысқа тарихында үшінші рет қайталанып отырған экономикалық дағдарыстың салдарын жеңу үшін мемлекеттік органдар өз құзіреттерінің аясында шаралар қолдануда. Дағдарысқа қарсы шараларды тиімді жүзеге асыру, сондай-ақ дағдарыстан кейінгі кезеңде елді дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу билік пен қоғамның ортақ жауапкершілігі. Осы бір күрделі жағдайда елдің әлеуметтік тұрақтылығы мен саяси институттарының орнықтылығын сақтау маңызды мәнге ие.

Біз, саяси партиялардың өкілдері, «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы және «Ақ Жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы:

басқа түскен қиындықтардың себептері мен оларды жеңудің жолдары жөнінде азаматтардың барлығы ортақ түсінікке келген жағдайда ғана экономикалық дағдарысты жеңуге болатындығын **түсіне отырып;**

келіспеушіліктер мен қайшылықтарды жеңу үшін, оларды азаматтардың конституциялық құқықтарын толық сақтай отырып, конструктивті рухта шешу үшін келісілген ортақ шараларды қолдану маңызды деп **санап;**

басқа елдердің тәжірибесін ескеретін дағдарыстан кейінгі өркениетті модельдің негізінде әлеуметтік, саяси және мәдени салаларда одан әрі қарқынды әрекеттер қажет екендігіне **көз жеткізе отырып;**

шынайы мемлекеттік тәуелсіздікті нығайту, саяси плюрализм, сөз бен жиын еркіндігі, азаматтардың пікірі мен мүдделерін ескеру жолдарында қазақстандық қоғамның бірігуіне қол жеткізуге болатындығына **сенімді бола отырып;**

Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілікті **түсіне отырып**

**осы меморандумды қабылдаймыз.**

Қоғамдық процестер барысы жөніндегі саяси көзқарастардың алуан түрлі екендігін ескере отырып, мыналарды іске асыру қажеттігі туралы ортақ ой мен осыған деген ұмтылысты білдіреміз:

1. қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың және басқа да азаматтық қоғам институттарының түрлі дағдарыс құбылыстары салдарының алдын алуға және оларды жеңуге бағытталған сындарлы бастамаларына қолдау көрсету;

2. дағдарыстан шығу шараларын әзірлеу және дағдарыстан кейінгі кезеңде елді одан әрі дамытуды талдау бойынша үнқатысу алаңдарын құру;

3. халықтың, оның ішінде ең алдымен жұмыс жоғалтқан азаматтардың, зейнеткерлердің, бюджеттік саласындағы қызметкерлердің, білім алушы жастар мен аз қамсыздандырылғандардың өзекті мәселелерін нақты және тиімді шешу жөнінде мемлекеттік билік органдарының алдына бірігіп міндеттер қою;

4. алдағы уақытта ЕЫҚҰ-да төрағалық ету аясында Қазақстанның алдында тұрған міндеттерді тиімді іске асыру үшін саяси ұсыныстар кешенін әзірлеу жөнінде отандық және шетелдік сарапшылар мен заңгерлерді жұмылдыра отырып, көппартиялық топ құру;

5. экономикалық дағдарыс салдарын еңсеруге бағыттталып, бірлестікте жүзеге асырылып жатқан ортақ әрекеттер туралы халықты жан-жақты ақпараттандыру мақсатында БАҚ-та бірлестіктегі жобаларды іске асыру.

Барлық отандастарымызды өмірлік оптимизмді жоғалтпай, қоғамдық белсенділік пен жауапкершілік танытуға шақырамыз. Бір елдің азаматтары ретінде ынтымақтаса отырып қана біз барлық қиындықтарды жеңе аламыз және ортақ Отанымыз – Қазақстан Республикасын одан әрі қарқынды дамыту үшін қажетті жағдайлар жасаймыз.

Меморандум әрбір партия қол қою үшін ашық. Меморандумнан шығу жөнінде алдын ала мәлімделгеннен соң Меморандумда көрсетілген нормаларды жүзеге асыруды тоқтату мүмкіндігі туады.